

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ»

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 1(21) қаңтар-наурыз 2020

ISSN 2710-3994



Бас редактор:
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

- Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)*
- Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)*
- Аязан Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)*
- Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)*
- Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)*
- Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)*
- Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)*
- Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)*
- Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)*
- Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)*
- Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)*
- Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)*
- Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қытшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)*
- Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)*
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*
- Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)*
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)*
- Римантас Желвис (Želvyis Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)*
- Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)*
- Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)*
- Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*
- Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)*
- Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)*

Жауапты редактор:
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:
Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:
Қоңқабаева Арайлым

Техникалық хатшы:
Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

- Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)*
- Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)*
- Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)*
- Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)*
- Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*
- Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*
- Голден Кэйти Стромил (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)*
- Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*
- Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
- Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)*
- Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)*
- Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)*
- Кокеебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)*
- Кумекоев Болат Ешимхамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
- Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)*
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)*
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Годаньска (Польша)*
- Римантас Желвис (Želvyus Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)*
- Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)*
- Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
- Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
- Таймагамбетов Жакен Кожажметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)*

Ответственный редактор:

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:

Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:

Кубеев Рустем Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:

Конкабаева Арайлым Нурболатовна

Технический секретарь:

Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)
Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)

Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Ayagan Burkithbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)

Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)

Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)

Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)

Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)

Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulbayevich

Executive Secretary

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

Technical secretary:

Khumarzak Altynbek

FTAHP / MPHИ / IRSTI 03.20.

ТАНЗИМАТ РЕФОРМАЛАРЫНА ЕУРОПАЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ЫҚПАЛЫ ЖӘНЕ МҰСТАФА РЕШИД ПАША

Абдукадыров Н.М.¹, Нұсқабай П.П.², Сабанчиева Ж.М.³

¹Ph.D. әл-Фараби ат. Қазақ Ұлттық Университеті

²Ph.D. әл-Фараби ат. Қазақ Ұлттық Университеті

³әл-Фараби ат. Қазақ Ұлттық Университетінің магистранты

Аңдатпа. *Kirişne.* Осман империясының тарихында XIX ғасыр «Реформалар ғасыры» деген атпен тарихқа енді. Империя өзінің бұрынғы күш-қуатын қайта тіктеп, заманауи саяси-тарихи процеске ілесуге тырысты. Басты себеп, империя көп салада өзімен алыс-жақын тұрған еуропалық империялардан артта қалып қойды. Империяда саяси, экономикалық және әлеуметтік дағдарыс орын алып, ол құлдыраудың басты факторына айналды. Орта ғасырларда онымен тікелей санасып отырған еуропалық империялар енді оны басып озды. Мұндай дағдарыстан шығудың жолы – халықаралық деңгейде қабылданатын мемлекеттік реформалар болды. Солардың бірі – Танзимат реформалары еді. Танзимат реформаларының жүзеге асырылуына Мұстафа Решид пашаның саяси ықпалы өлшеусіз болды. Реформа негізінен батыстық үлгіде қабылдануы тиіс боды. Ұсынылып отырған ғылыми мақалада, Осман империясында Танзимат реформаларының қабылдануында еуропалық жүйенің ықпалы зерттеледі. Сонымен бірге, Сыртқы істер министрі болған Мұстафа Решид пашаның саяси қызметі қарастырылады.

Түйін сөздер: халықаралық жүйе, модернизация, Осман империясы, Танзимат реформалары, Мұстафа Решид паша, Еуропа мемлекеттері

ВЛИЯНИЕ ЕВРОПЕЙСКОЙ СИСТЕМЫ НА РЕФОРМУ ТАНЗИМАТА И МУСТАФА РЕШИД ПАША

Абдукадыров Н.М.¹, Нұсқабай П.П.², Сабанчиева Ж.М.³

¹Ph.D. Казахский Национальный Университет им. ал-Фараби

²Ph.D. Казахский Национальный Университет им. ал-Фараби

³Магистрант Казахского Национального Университета им. аль-Фараби

Аннотация. Введение. В истории Османской империи XIX век вошел в историю под названием «Век реформ». Империя пыталась перестроить свои прежние силы и следовать современным политико-историческим процессам. Основная причина этого в том, что империя отставала от ближайших европейских империи во многих сферах. В империи произошел политический, экономический и социальный кризис, который стал главным фактором спада. Европейские империи, считавшиеся на одном уровне с Османской империей, теперь обогнали его во всех сферах. В силу этого, оптимальный выход из такого кризиса – это были государственные реформы, принимаемые на международном уровне. Одним из них были реформы Танзимата. Политическое влияние Мустафы Решид паша на осуществление реформ Танзимата было неизмеримым. Реформа в основном должна была осуществляться в западной форме. В данной научной статье исследовано влияние европейской системы на принятие реформ Танзимата в Османской империи. Наряду с этим также рассмотрены и изучены политическая деятельность Мустафы Решид паша, который был министром иностранных дел.

Ключевые слова: Османская империя, реформа Танзимата, Мустафа Решид паша, европейские государства, модернизация, международная система.

INFLUENCE OF THE EUROPEAN SYSTEM ON TANZIMATS REFORM AND MUSTAFA RESHID PASHA

Abdukadyrov N.M.¹, Nuskabay P.P.², Sabanchieva Zh.M.³

¹Ph.D. al-Farabi Kazakh National University

²Ph.D. al-Farabi Kazakh National University

³Master of the al-Farabi Kazakh National University

Abstract. Introduction. In the history of the Ottoman Empire, the 20th century went down in history called the «Age of Reform». The Empire tried to rebuild its former forces and follow modern political and historical processes. The main reason for this is that the empire lagged behind the nearest European empire in many spheres. The Empire experienced a political, economic and social crisis, which was the main factor in the recession. European empires, considered on the same level as the Ottoman Empire, have now overtaken it in all spheres. Therefore, the best way out of such a crisis is through international public reforms. One of them was the reforms of Tanzimat. Mustafa Reşid Paşa's political influence on the implementation of Tanzimat reforms was immeasurable. Reform was mainly to be implemented in Western form. This scientific article analyzes the influence of the European system on the adoption of the reforms of Tanzimat in the Ottoman Empire. Also considered and studied Political and social activities of Mustafa Reşit Paşa, who was Minister of Foreign Affairs.

Keywords. Ottoman Empire, reform of Tanzimat, Mustafa Reşit Paşa, European states, Modernization, International system.

Кіріспе

Танзимат реформаларының қабылдануының алғышарттары XIX ғасырдың алғашқы ширегінен басталып, ол сол заманғы қоғам мен саяси жүйенің талабы болды. Танзимат реформалары сұлтан II Махмұт кезінен басталып, бұл процесс келесі сұлтан Абдулмежит кезінде жалғасын тапты. Сұлтан II Махмұт Осман империясында алғашқы реформатор саналған сұлтан III Селімнің реформаларын жалғастыруға тырысты. 1826 жылы Осман империясының тарихында янычарлар корпусын толығымен жойды. Бұл үлкен істің бірі саналып, реформаның көлемді түрде қолға алынғаны осыдан байқалды. Мемлекет пен қоғамдағы тәртіптің, жүйенің ескі тәртіпшен жалғасуы Осман империясын саяси-экономикалық дамудан артта қалдырды. Еуропалық империялар уақыт санап жылдам қарқынмен дамыды, олар Осман империясын әлдеқайда артта қалдырып, оны тек өз пайдасына қолдануды көздеді.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу тақырыбына қатысты негізгі деректердің бірі – Танзимат дәуірінің бастамасы болған «Гүлхане хатт-и-шерифі» деген атпен жариялаған әдиектінің көшірмесі болып саналады. Сонымен бірге түрлі құжаттар жинақтары мен материалдар тақырыптың деректік негізін құрайды. Осман империясының, Франция және басқа да еуропалық архивтерінің материалдары негізінде дайындалған құжаттар жинақтары Танзимат дәуірінде Еуропа мемлекеттерінің Осман империясына ықпалы мен Мұстафа Решид пашаның дипломатиялық қызметі туралы көрсетеді. Осман империясы мен Еуропа мемлекеттері арасындағы саяси байланыстарға қатысты құжаттық деректер көшірмелері жинағы ерекше орынға ие. Осындай құжаттар жинағы Антони Хокайемнің

«Осман империясының араб провинциялары» (Les Provinces arabes de L'Empire Ottoman Archives du ministère des Affaires étrangères de France: 1793-1918) атты құжаттар жинағы болып табылады. Құжаттар жинағында Танзимат реформалары мен оның аясында Осман империясы мен еуропалық империялар арасында жүргізілген саяси факторлар көрсетіледі. (Antoine, 1988).

Дәл осы секілді мұрағат құжаттарын жинақтау арқылы Францияда жарияланған көлемді құжат жинақтарының бірі Осман империясының сыртқы саяси тарихына қатысты төрт томнан тұратын аса көлемді құжаттар жинағы болып табылады. Бұл құжаттар жинағын (Recueil D'actes Internationaux de L'Empire Ottoman – Осман империясының халықаралық байланыстары бойынша актілер) Габриель Норадук жинақтаған (Noradounghian, 1978). Бұл жинақ, Осман империясының құрылуынан бастап құлауына дейінгі сыртқы саяси тарихына қатысты құжаттарды қамтитынымен ерекшеленеді. Құжаттардың негізін Танзимат реформасына қатысты құжаттар, фирмандар, хаттамалар, келісімшарттар мен конвенциялар және осы секілді материалдар түрлері құрайды.

Зерттеу жұмысында түркиялық және еуропалық ғалымдардың іргелі теориялық пікірлері мен тұжырымдары қолданыс тапты. Мақаланы жазуда тарих ғылымының дәстүрлі және заманауи методологиясына негізделген тарихи-салыстырмалылық, тарихи типологиялық, сипаттау, ғылыми талдау мен синтез және тарихи жүйелеу әдістері қолданысқа енді. Сондай-ақ, теміжолдың әлеуметтік-экономикалық маңыздылығы мен оларға қатысты фактілерді талдауда және жалпы экономикалық процестерді қарастыруда зерттеу жұмысында тарих ғылымының заманауи пәнаралық әдістері басшылыққа алынды. Сонымен қатар, ең маңыздысы, Осман империясында XIX ғасырда орын алған реформалық кезеңнің тарихын қарастыруда және оған еуропалық империялардың ықпалын анықтауда, мемлекеттер арасындағы саяси байланыстарды талдауда жершілдік пен діншілдік еуроцентристік, ұлтшылдық, түрікшілдік және ең бастысы мұсылмандық көзқарастардан бас тартып, тақырыптың өзекті мәселелерін объективті түрде шешуге талпыныс жасалды.

Талқылау

Зерттеу тақырыбының тарихнамасының басты бағыты тақырыпқа қатысты ғылыми мәселелер көтерген тарихшы, шығыстанушы ғалымдардың еңбектерін талдаумен сипатталады. Танымал түрік тарихшысы, әлемдік османистиканың ең ірі өкілдерінен саналған Халил Иналдык Танзимат Реформалары кезіндегі Осман империясының саяси-әлеуметтік тарихы бойынша зерттеулер жүргізген (İnalçık: 1976). Халил Иналжык негізінен Османлы мемлекетінің экономикалық тарихын зерттеп, сонымен бірге Танзиматтың саяси-әлеуметтік тарихына қатысты мәселелермен айналысты. Түрік тарихшысы Э. Куран Осман империясының Еуропа мемлекеттеріне ашылған елшіліктері туралы ғылыми кітабын жариялады. «Еуропада Османлы елшіліктерінің құрылуы» деп аталатын бұл еңбекте Мұстафа Решид пашаның Осман империясы мен Еуропа мемлекеттерінің саяси, дипломатиялық қатынастар деңгейі көрсетіліп, көптеген тың тұжырымдар жасалған (Kuran: 1957, 15).

Сонымен бірге, елшінің еуропалық үлгіде жаңа реформа жүргізу ұсыныстары айтылған. Түркияда Осман империясы мен Англия экономикалық қатынастары тарихын зерттеп оның көш басында Мубахат Кутукоғлы тұрды. М. Кутукоғлы өзінің екі томнан тұратын «Осман-ағылшын экономикалық байланыстары» атты екі томдық ғылыми жұмысында Осман империясы мен Англияның экономикалық қатынастар тарихын және осы экономикалық байланыстар негізінде Танзимат реформаларының қабылдауында Англияның ерекше қолдау көрсеткені туралы қарастырған (Kütükoğlu: 1976, 19).

Француз тарихшысы Ф. Бродель өзінің ғылыми-зерттеу жұмыстарын бүкіләлемдік капитализмнің даму тенденцияларына арнап, оның ішінде Еуропадағы және Шығыстағы

капиталистік қатынастардың дамуына ерекше мән берді. «Капитализм және материалдық өмір» атты еңбегінде «Осман империясы орта ғасырларда Еуропада көш бастаған мемлекеттердің бірі болса, жаңа заманға келіп, экономикалық даму бойынша еуропалықтардан қалып қойды және олардың көрсеткен экономикалық қысымына шыдай алмастан құлдырады» - дейді (Braudel: 1976).

Англияда Осман империясының Еуропа мемлекеттерімен қарым-қатынасы мен еуропалықтардың Танзимат реформасына ықпалы туралы Бернард Льюис пен Манчестер университетінің профессоры Ф. Ясами зерттеулер жүргізді. Танзимат реформалары кезінде Осман мемлекетінің Еуропа елдерімен саяси қатынастарын зерттеген тарихшылардың қатарында атақты тарихшы, шығыстанушы ғалым Бернард Льюистің (Lewis:2001, 21-25) еңбегін ерекше етіп көрсеткен жөн. Б. Льюис Осман-Еуропа қатынастарына қатысты ғылыми тұжырымдарының басым бөлігін Батыс пен Шығыс арасындағы саяси және мәдени байланыстар негізінде ұсынған. Ф. Ясами Осман империясының сыртқы дипломатиясына қатысты ғылыми мақалалар жинағы осман дипломатиясы тарихын зерделеген ең ірі ғылыми жұмыстардың бірі болды (Yasamee: 2014).

Американдық тарихшы Р. Дэвисон 40 жылдай уақыт бойы Вашингтон университетінде қызмет етіп, Осман империясы мен Еуропа елдерінің сыртқы саяси, дипломатиялық қатынастары мен реформаларға қатысты реформаларға негізделген ғылыми жұмысы тақырыпқа қатысты ең ірі ғылыми жұмыс болды (Davison: 1999). Тарихшы Р. Оуэннің 1838 жылы Англия мен Осман империясы арасында қабылданған сауда-экономикалық келісімшарт тарихына қатысты ғылыми еңбектері жарық көрген (Owen: 2015). АҚШ-та XX ғасырдың соңы мен қазіргі уақытқа дейін Осман империясының сыртқы саяси тарихы мен экономикалық қатынастары туралы Огайо университетінің профессоры Картер Финдлей көптеген ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізіп, ғылыми монографиялар жариялады (Findley).

Нәтижелері

1839 жылы кенеттен қайтыс болған сұлтан II Махмұт бастаған реформалау жұмыстарын одан кейін билікке келген сұлтан Абдулмежид билікке келген бойда-ақ жалғастырды. Танзимат реформалары 1839 жылдың 3 қараша күні Гүлхане сарайының саябағында көпшілік алдында салтанатты түрде жарияланды (Seyitdanlioğlu:1998, 155). Бұл жарияланған жаңа эдикт «Гүлхане Хатт-и-шерифі» деп (Gülhane Hatt-ı Şerifi) аталып, ол аса құнды мемлекеттік құжат саналды. Гүлхане Хатт-и-шерифі сол уақытта Осман империясының Сыртқы істер министрі, атақты дипломат, халықаралық істердің жетекші маманы Мұстафа Решид Паша жариялады. Бұл фирман (жарлық) II Махмұт сұлтаннан кейін таққа жаңадан отырған сұлтан Абдулмежид атынан «Гүлхане хатт-и-шерифі» деген атпен жарияланды. Жарлықта қарастырылған тақырып негізінен реформалар жинағы болып, бұл реформалар жинағы «Танзимати-Хайрие» («Игілікті реформалар») деп аталды. Танзимат атауын иеленген бұл реформа 1839 жылдан кейінгі жүзеге асырылған өзгерістердің атауы болып, ол тіпті осы реформалар кезеңінің де есімі болды.

Танзимат реформаларының басталуы Осман империясында модернизация процестерінің бастамасы, ескірген мемлекеттік жүйені жою, зайырлылық және батыстың артықшылығын ресми мойындау, батыстану сияқты идеяларды өмірге әкелді. Осы және өзге де салаларды модернизациялау, жаңа тәртіп енгізуде көптеген идеялардың туындағаны мәлім. Реформаларға байланысты жаңа заманауи идеяларды жүзеге асыру үшін Осман империясында арнайы жарлық дайындау жұмысының өзіндік саяси мәні болғаны белгілі. 1837 жылдың маусым айында Осман империясында Сыртқы істер министрі болып тағайындалған Мұстафа Решид Паша осы реформаны қабылдап, оны жүзеге асыру үшін Лондоннан елшілік қызметтен оралуға мәжбүр болды. Ол онда 1836 жылдан бастап Портаның[1] елшісі қызметін атқарған. Үш жыл бойы Еуропада өмір сүруіне байланысты Решид Паша еуропалық рухтағы реформалардың

жақтаушысына айналды. 1837 жылдың соңында Решид Паша II Махмұт сұлтанға Еуропадағы тәртіп пен даму жолы туралы мәліметтерді егжей-тегжейлі жазылған жазбаларын ұсынады. Оның көпшілігінде елшінің Парижде, Венада және Лондонда болған сыртқы саяси тақырыптардағы әңгімелері туралы баяндамалар жазылған. Сонымен қатар, жазбада Британ империясының Сыртқы істер министрі лорд Палмерстонның империя жетекшілеріне берген ұсынысы көрініс тауып, оған сәйкес Портаға әскерді қайта құруды жалғастырып, ауыл шаруашылығы мен сауданың дамуына ықпал етуі керек деп көрсетілген. Решид паша ағылшын министрі лорд Палмерстонмен жақсы қатынаста болған (Dönmez: 2011, 4-5).

Решид паша өз жазбаларында бұрынғы қойылған карантиндерді ашу, халық санын көбейту туралы ұсыныстар айтылып, ол елді жақсарту және сауданы кеңейту үшін маңызды фактор ретінде осылардың қажеттілігіне назар аударды. Решид Паша қысқаша түрде өндірісті кеңейту, зауыттар салу, сонымен қатар оларға еуропалық мамандарды тарту туралы айтты. Жазбада Еуропада жүргізілетін реформалардың әрқайсысының үлкен резонансқа ие екендігі айтылды, реформалар империяның өркендеуіне оң әсер етіп қана қоймай, сонымен бірге сыртқы саясатқа оң әсерін тигізетіні айтылған.

II Махмұттың мақұлдауымен Решид паша реформалар туралы арнайы жарлық дайындай бастады. Олардың ұйымдастыруы негізінен Решид пашаның жұмысы болды. Ол кімнің қолдауымен жүргенін бағалау қиын. Кейбір мәліметтерге сәйкес, Решид паша реформаларды дайындау кезінде француздар кеңестеріне құлақ асқаны туралы айтылады. Реформацияға қарсы оппозиция, өз кезегінде, маңызды болды және империяның белгілі адамдарының қолдауына ие болды. Олардың ішінде ең маңызды кеңесті басқарған атақты Хусрев Паша Құқықтық мекеменің Жоғары Кеңесінің адамы болды.

Сонымен қатар, бұл кезде 1830 жылдары Мысыр билеушісі Мұхаммед пашаның жасаған көтерілісі аса үлкен ішкі қарама-қайшылықтардың бірі болып, оны басу үшін Осман билігі еуропалық империялардан көмек сұрады (Kuran:2010, 50-54). Бірақ, Решид паша мен II Махмұт сұлтан бұған мән бермеді. Сыртқы істер министрі болып алған Решид Паша Англиядан саяси қолдау табу үшін Лондонға жіберілді. Лондонда жүргенде, ол өзінің реформалық жобасы бойынша жұмысын жалғастырды, тіпті оны меморандум түрінде Палмерстонға ұсынды (Subaşı:2011, 1732-1736). Ол туралы тараптар арасында талқылау жұмыстары жүргізілді. Решид Паша Англияда бір жылға жуық болып, II Махмұт қайтыс болғаннан кейін Стамбулға қайта оралды. Ол қайтадан Сыртқы істер министрлігін басқарды және реформа туралы жарлық жобасын әзірлеуді белсенді түрде жалғастырды.

Мұндай саяси процестер II Махмұт дәуірінен бастау алғанын көріп және Танзимат реформаларының алдыңғы кезеңдегі сабақтастығын Гүлхане Хатт-шерифімен басталғандығы көрсетілді. Хатт-и Шериф Осман империясын жақсы басқару арқылы қол жеткізілетін артықшылықтармен қамтамасыз етуі керек деп жаңа заңдар енгізуді ұсынды. Қажетті нәтижеге қол жеткізуге ықпал ететін факторлардың ішінде, Осман империясының провинцияларының географиялық жағдайы, топырақ құнарлылығы, халықтың тұрмысы мен білімі және т.б аталған. Хатт-и-шерифті қарастырған кезде, әсіресе, төмендегілер назар аударады. Біріншіден, азаматтардың өмірі, абыройы мен меншік кепілі болып табылатын қоғамдық тыныштық пен игіліктің артықшылығы туралы нақты айтылған идея. Екіншіден, салықтарды белгілеудің және өндірудің әділ әдісі қажеттілігін негіздеу. Үшіншіден, әскери қызметшілерді мерзімді жалдау және оқу мерзімін анықтау қарастырылған.

Осы мәселелердің әрқайсысына егжей-тегжейлі тоқтала отырып, жарлық авторлары тиісті заңдардың қабылдануы ерікті үкім шығаруға, сотталғандардың мүлкін тәркілеуге, посттар мен лауазымдарды сатуға тыйым салатындығын баса айтты. Сұлтанның аталған жеңілдіктері барлық діни субстанцияларға, діни көзқарастарына қарамай қолданылатындығы туралы

ескертіледі. Реформалар арнайы құрылған кеңестерде дайындалып, талқыланып отырған, тек содан кейін ғана оларды сұлтан мақұлдаған. Сұлтан Хатт-и-шерифінің шешімдеріне қайшы келетіндерге ештеңе жасамауға уәде береді және барлық мемлекеттік билеушілерден осыны талап етті. Хатт-и-шерифке қарсы шыққандардың бәріне құдайдың қарғысы ілінеді деп айтылды. Осылайша, Мұста Решид пашаның жасаған жаңа реформалық құжаты сұлтан мен билік тарапынан қолдау тапты. Бұл қысқаша айтқанда, Гүлхане Хатт-и-шерифінің негізгі мазмұны болды. Көріп отырғанымыздай, жарлық нақты іс-қимылдардың егжей-тегжейлі бағдарламасы емес, керісінше неғұрлым жалпы принциптерді белгілейтін және белгілі бір шараларды қабылдау қажеттілігін негіздейтін мемлекеттік акт сипатында болды. Сонымен бірге, бұл принциптерде сұлтан II Махмұттың басшылығымен жүргізілген реформалардан басқа ешқандай айтарлықтай жаңа идеялар болмады (Ramazan:2014, 161-162).

Еуропалық қоғамда Гүлхане Хатт-и-шерифі жарияланғаннан кейін оны Осман империясының конституциясы ретінде қарсы алды. Решид Пашаның өзі, Хатт-и-шерифті жарияланғаннан екі жыл өткен соң, оны Батыс конституционализмінің көріністерімен салыстырды. Шынында да, Гүлхане хатт-и-шерифінің идеялары мен оны құрастыруда қолданылатын терминология сол кездегі Батыста қалыптасқан идеяларға, атап айтқанда Францияның Адам құқықтары туралы декларациясында жазылған идеяларға терең ұқсастығын көрсетеді. Осман империясының провинцияларында бұл идеялар сәйкесінше өзгертілді. Осылайша, Батыста таралған идеялар Осман империясындағы әлеуметтік теңдік идеясы мен діндер мен ұлыстардың идеясына айналды. Біз бұған қарай отырып Мұстафа Решид паша мен оның пікірлес адамдарының сөзсіз және үлкен еңбегін көреміз. Ұзақ уақыт дайындық және орындау кезеңінен өткен реформалық қозғалыс күрестегі әртүрлі қозғалыстардың орнына тең және заңды қабылдай отырып, әлеуметтік дамудың баламаларының біріне айналды. Сұлтанның шексіз күшін реттеуге, империядағы абсолютизм режимін жұмсартуға бағытталған бұл әрекет белгілі бір дәрежеде өзінің әлеуметтік жобасына ие болды. Мұстафа Решид осы тұста еуропалық саяси жүйені қолдағаны анық көрініп тұр.

Айта кетерлігі, Гүлхане Хатт-и-шерифін дайындап оны жариялайтын тұста сұлтан II Махмұт қайтыс болып, ол Осман империясындағы саяси ахуалды және империяның еуропалық империялармен қатынастарын бұзып жіберуі мүмкін еді. Оның басты мысалдарының бірі сұлтан II Махмұт қайтыс болғаннан кейін, арадан көп ұзамай Решид Паша Палмерстонға Осман империясындағы ахуал туралы 1839 жылы 12 тамызда меморандум жібереді. Бұл меморандумда Мұстафа Решид паша өзінің алдағы уақытта жариялайтын реформаларының мазмұны халықаралық қатынастарға сай және еуропалық мемлекеттердікіне ұқсас екендігін жеткізеді. Тамыз меморандумы мен 3 қарашадағы Гүлхане Хатт-и-шерифінің мазмұнының ұқсастығы жарлықты әзірлеуде Решид Пашаның авторлығын сенімді түрде дәлелдейді. Осман империясының өте қиын жағдайын сипаттайтын екі құжаттың кіріспе бөлігінде, тіпті жекелеген өрнектер де сәйкес келетіндігі таңданыс тудырады (Edgar:1942, 184).

Осылайша, Решид Паша шешкен реформа туралы жарлық екі мақсатты ұстанды: бір жағынан, ол тұтастай алғанда реформа қозғалысын ынталандырды, ал екінші жағынан, барлық әкімшілік субъектілерінің мүдделерін қорғайтын құқықтарының кепілдемесін жариялады». Решид паша өзінің ұстанымын нығайтуға тырысты, оған үлкен құқықтар беріп қана қоймай сонымен қатар белсенді және тәуелсіз көрінуіне жағдай туғызды. Шенеуніктердің жаңа кадрлары алдында ол реформалар қозғалысының қолдауын көрді. Гүлхане Хатт-и-шерифтің негізгі шабыт берушілерінің бірі болып саналған Рифат Паша мемлекеттік қызметкерлерге белгіленген сыйақы мөлшерін белгілеп, олардың әлеуметтік мәртебесін мемлекеттік және әскери лауазымымен теңестіру қажет деп санады.

Танзимат реформалары мен оның негізі ретінде жарияланған Гүлхане Хатт-и-шерифінің заңнамалық баптарында батыстық үлгідегі заң актілері енгізіліп, ол ағылшын тілінде жазылды. Хатт-и-шерифтің заңнамаларында батыс елдерінің конституцияларынан, оның ішінде Франция мен Англияның конституцияларынан бірқатар баптар мен тараулар алынды. Бұл әрине, батыс елдерімен болған дипломатияның тікелей нәтижесі деп саналады. Гүлхане эдиктін жариялайтын салтанатты шараға еуропалық өкілдердің қатысуы осының басты дәлелі және империяның батыстық үлгіде даму жолы ретінде түсіндіріледі.

Мұстафа Решид пашаның Танзимат реформаларының мазмұнын Еуропа мемлекеттерінің заңдарымен ұқсастыру немесе бірегейлендіруінің негізгі себептерінің бірі – Осман империясы мен Еуропа мемлекеттері арасында бұл кезде халықаралық маңызы бар тығыз байланыстар орнап, ол екі мемлекеттің заңнамалық құжаттары негізінде жүзеге асырылды. Ол үшін екі жақтың заңдары бір-біріне жақын және сәйкес келуі керек еді. Екіншіден, сол заманда Англия мен Францияның саяси-экономикалық даму үлгісі сол кездегі көптеген дамушы мемлекеттер үшін дамудың «моделі» іспеттес болды. Тура осы секілді Осман империясы да осы мемлекеттердің конституциясын өзіне жақын тартты.

